

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2021 жылғы 17 қарашада жарияланды*

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары  
Е.Л. Тоғжановқа**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Ералы Лұқпанұлы!**

Осыдан 3 күн бұрын футболдан әлем чемпионатына іріктеуде Қазақстан командасының Франциядан 8:0 болып, футбол тарихындағы масқара есеппен жеңілуі елдің қатты наразылығын тудыруда.

Баспасөзде аймақтардағы футбол клубтарына 71 млрд жұмсалғаны, тек «Астана» клубының өзіне 15 млрд бөлінгені, жарыса жазылуда.

Бірақ нәтиже қайда?!

Футбол федерациясы бас хатшысы: «Біз бюджеттен қаражат алмаймыз, қайдағы миллиардтар, 200 миллион теңге ғана алдық» деп жауап беріпті. Ал «Жеңілістің себебі – жақсы футболшылардың тапшылығы» - деп ақталуда. Федерация «Бюджеттен көп қаржы алмаймыз» дейді, бірақ миллиардтарды осы федерацияға кіретін кәсіпқой клубтар облыс әкімдіктері арқылы алуда. Соңғы үш жылдағы облыстық әкімдіктердің кәсіби клубтарға бөлген қаржысының өзі аз емес – 111, 2 млрд. Ал федерацияға республикалық бюджеттен, УЕФА-дан, Самрұқ-Қазынадан, демеушілер бөлген қаржыларды қосар болсақ, олардың есебі жоқ – өйткені ресми мәліметтер жоқ. Футбол әлемі бойынша барлық анық ақпараты бар [transfermarkt.com](https://transfermarkt.com) сайтының мәліметі бойынша Қазақстан футболының бір жылдық бюджеті – 133 млрд теңге.

Ал, жақсы футболшылардың тапшы болатыны өз футболшыларымызды дайындаудың орнына, мол ақшаны шетелдіктерге жұмсап жүргендіктің тікелей нәтижесі.

Премьер-лигадағы 371 футболшының 150-і, яғни жартысына жуығы легионерлер, оған бірінші лигадағы 16 футболшыны қосыңыз, сонда бәрі 166

легионер бар.

Халық қазынасы қазақ футболын дамытуға емес, шетел футболшыларын байытуға жұмсалып жатыр.

Қазақстан 30 жылда 1 ғана стадион салса, футбол бюджеті бізден екі есеге жуық аз Өзбекстан 10 стадион салып тастаған.

ФИФА рейтингісі бойынша Қазақстан 125 орында. Ал ТМД бойынша футбол бюджеті ең аз – Қырғызстан 96-орында.

Бразилияға алақайлап шығарып салған 78 балақайдың футбол ойнап жүрген біреуі де жоқ?!

Миллиардтар алып отырған қазақ футболында гол жоқ! Ал ауылдарда қаржы тапшылығынан жол жоқ!

Әлемдік рейтингте ешқандай клубымыз 100-діктің қатарына кірмейді. Ал 200-діктің соңында, 186-шы орында тек бір «Астана» клубы ғана бар. Бірде бір футболшымыз трансферлік құны бойынша алғашқы 500-дікке кірмейді.

Ендеше, футболға халықтың қыруар қаржысын Франциядағыдай әлемге масқара болу үшін құйып отырмыз ба?

Нәтижесіз футболға бөлінген 133 миллиардқа кемінде 133 мектеп салуға болар еді...

Сондықтан, гол салмайтын, тек халық қазынасына қол салатын, қол салғанда мол салатын футболға миллиардтарды босқа шашуды тоқтататын уақыт жетті!

### **«Ақ жол» фракциясы ұсыныстары:**

1. Кәсіби спорт, футбол – бұл негізі бизнес. Ал әлемде кәсіби спорт мемлекеттің мойнына мініп алмайды. Сондықтан, бюджетке байланған футбол клубтарының барлығын жекешелендіріп, мемлекеттен қаржыландыруды тоқтату қажет;

2. Кезінде «Ақ жол» партиясы талай көтергендей, мемлекет қаржысы балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, футбол мектептерін дамытуға, балалар бапкерлерін дайындауға жұмсалуды керек. Ауылдардағы талантты балаларға жағдай жасау керек.

Аудан орталықтарында, қала маңында да тегін футбол алаңдарын салу керек.

Секциялардағы жаттықтырушыларға педагогтармен тең лайықты жалақы төлеу керек;

3. Футбол индустриясын, менеджменті мен маркетингін дамытып, футбол мамандықтарын, жаттықтырушылар кадрын дайындау жұмыстарын жолға қойып, футбол академиясын қалыптастыру керек;

4. Осы уақытқа дейін мемлекеттен футбол саласына бөлінген қаржының есебі берілуі тиіс. Өйткені ол халық қаржысы! Еліміздегі кәсіби футбол клубтарына бюджеттен жыл сайын қанша қаржы бөлінді? Қазақстан футбол

федерациясына 2002 жылдан бері УЕФА-дан жыл сайын қанша қаржы бөлінді? Туризм индустриясы мен спортты қолдау қорынан және Ұлттық олимпиада комитетінен футбол федерациясына жыл сайын қанша қаржы бөлінді және қайда жұмсалды, бәрінің есебін ел білуі тиіс.

*Құрметпен,*

**«Ақ жол» фракциясының мүшелері**

**Қ. Иса**

**А. Перуашев,  
Д. Еспаева,  
А. Әбілдаев,  
Е. Барлыбаев,  
Б. Дүйсембинов,  
С. Ерубаяев,  
А. Жұмабаева,  
А. Линник,  
Е. Өмірғали,  
М. Раманқұлов,  
Ғ. Хамзин**

*Орынд.: З.Е. Серікова  
тел.74-62-10*